

«Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызмет көрсетуді алуға  
«Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕ АҚ арқылы жүгінген кездегі әрекеттер  
**АЛГОРИТМІ**



**ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ:**

- өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- апостиль қою үшін ұсынылатын сот органдарынан шығатын ресми құжат;
- көрсетілетін қызметті алушының мүдделерін үшінші тұлға білдірген жағдайда, нотариалды куәландырылған сенімхат (салыстыру үшін);
- көрсетілетін қызметті алушының тегінің, атының, әкесінің атының (бар болса) өзгергенін растайтын құжаттың көшірмесі (егер өзгеріс Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылдан кейін тіркелген болса, құжат тиісті ақпараттық жүйелерден талап етіледі);
- мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда).

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДЕРІ:**

- Облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан Мемлекеттік корпорация филиалдарының бөлімдеріне - 1 (бір) жұмыс күні;
- Мемлекеттік корпорация филиалдарының басқа бөлімдеріне - 5 (бес) жұмыс күні.